






«Қалай шаршап қалдым...
Су ішсем де жеңілдемей тұр...»



«Бетім ісініп, өзімді жайсыз сезініп
тұрмын... Бұл неліктен болды?»






«Зәр өте аз бөлініп жатыр.
Бүйрегіңіз дұрыс сүзбей тұрған
сияқты...»






«Бұл қаншалықты
қауіпті?»





«Егер бүйрек мүлде сүзуді
тоқтатса не болады?»



«Мұндай жағдайда адам
не істей алады?»












Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту

10.1.5.3 - диализ механизмін түсіндіру;







Сабақ мақсаттары



- Диализдің мәнін және қандай жағдайларда қолданылатынын түсіндіреді;
- Гемодиализдің жұмыс принципін сипаттайды;
- Диализатор құрылғысының негізгі бөліктерін анықтап, олардың қызметін түсіндіреді



Диализ

Бүйрек қызметін тоқтатқаннан кейін ағза қаннан **артық су мен кейбір қалдықтарды шығара алмайды.**

Бұл несеп пен тұздардың артық болуын қамтиды. Ол сондай-ақ денедегі **су мен тұз деңгейін реттеуге қабілетсіз болып қалады.** Бұл тез **өлімге әкеледі.**



Денедегі қанды және басқа сұйықтықтарды жасанды тазартудың негізгі әдістері:




Перитонеалды диализ (PD)

- Сүзгі, дененің құрсағындағы жеке мембранасы (перитонеум)
- Хирург құрсақ қуысына тұрақты түтікті орнатады.
- Диализге арналған ерітінді түтікше арқылы құйылады және құрсақ қабырғасы мен мүшелер арасындағы кеңістікті толтырады.

Перитонеалды диализ (PD)

- Сүзгі, дененің құрсағындағы жеке мембранасы (перитонеум)
- Хирург құрсақ қуысына тұрақты түтікті орнатады.
- Диализге арналған ерітінді түтікше арқылы құйылады және құрсақ қабырғасы мен мүшелер арасындағы кеңістікті толтырады.






○ Гемодиализ

Қан жасанды мембранасы бар аппаратқа өткізіледі

Гепаринді қанның ұюын болдырмау үшін қосады. Барлық көпіршіктер, қан денеге қайтарар алдында алынады.

Клиникада, аптасына 3 рет бірнеше сағаттан

ЕМДЕУ




Тапсырма 1.Топтық жұмыс

1-топ. «Диализ не үшін қажет?» постері

Оқулықтың 1-бетіндегі мәтінді қолдана отырып:

- Уытты заттар қалай жиналады?
- Бүйрек зақымдалғанда не болады?
- Қан неге жасанды жолмен тазартылады?

3 тармақтан тұратын қысқа постер.



2-топ. «Диализатор қалай жұмыс істейді?»

Оқулықтағы 114-суретке сүйене отырып:

- Қан қайдан келеді?
- Мембрана қандай қызмет атқарады?
- Уытты заттар қайда өтеді?
- Тазартылған қан қайда оралады?


Диализдің 4 кезеңін көрсететін шағын схема.



3-топ. «Диализ түрлерін салыстыру»

Оқулықтың 213–214-беттеріне сүйеніп:

- Гемодиализ
- Плазмаферез
- Перитонеальді диализ



Әр әдістің принципі мен қай кезде қолданылатынын анықтау

Венн диаграммасы немесе салыстырмалы кесте

Дескрипторлар:

- 1) Диализдің негізгі мақсатын дұрыс анықтайды;
- 2) Оқулықтағы ақпаратты талдап, дәлел келтіреді;
- 3) Диализдің қадамдарын дұрыс түсіндіреді;
- 4) Мембрана қызметін дұрыс сипаттайды;
- 5) Диализ түрлерін дұрыс ажыратады;
- 6) Топтық постер, схема, кестені нақты, қысқа, түсінікті жасап шығарады;

Тапсырма 2. Жұптық жұмыс

«Әдіс–Принцип–Қолданылу» әдісі карточкаларын сәйкестендір

Жұптық жұмыстың барысы

1-қадам — Сәйкестендіру

Жұптар үш топ карточкаларын араластырып, төменгі формула бойынша сәйкестендіреді:

➡ Әдіс (А) → Принцип (В) → Қолданылу жағдайы (С)

Мысалы:

Гемодиализ → Жартылай өткізгіш мембрана → Бүйрек жеткіліксіздігі

2-қадам — Дәлел келтіру

Жұптар оқулықтың 212–214 беттерінен дәлел табады.

Әр сәйкестендіру үшін 1 дәлел айту қажет:

- Неліктен бұл принцип осы әдіске сәйкес?
- Оқулықтағы қандай сөйлемге сүйендіңіз?

3-қадам — Қорытынды мини-диаграмма жасау

Жұп 3 әдісті біріктіретін «3 жапырақ» пішінді шағын диаграмма салады:

Бір жапырақ — гемодиализ

Бір жапырақ — плазмаферез

Бір жапырақ — перитонеальді диализ

Түсіндіруді ауызша береді.

Дескрипторлар:

- 1) Әдістер мен принциптерді нақты сәйкестендіреді – 2 балл;
- 2) Әр сәйкестендіруге дәлел келтіреді – 1 балл;
- 3) Қолданылу жағдайын дұрыс анықтайды – 1 балл;
- 4) Диаграммада айырмашылықтарын көрсете алады – 1 балл;

Тапсырма 3

Жеке жұмыс

Функционалдық сауаттылық тапсырмасы

Мәтін

Медициналық орталыққа 56 жастағы Ерлан есімді науқас келді.

Шағымдары:

дененің ісінуі

жүрек айну

қан қысымының көтерілуі

зәр көлемінің азаюы

Зертханалық талдау нәтижелері:

қандағы мочевина мен креатинин мөлшері қалыптан жоғары

қанда уытты заттар көп

бүйрек қызметі 18%-ға дейін төмендеген

Дәрігер оған диализ қажет болуы мүмкін екенін айтты



Тапсырмалар

1. Науқастың жағдайына қарап, не себепті диализ қажет екенін түсіндіріңіз.
2. Бұл науқасқа қай диализ түрі тиімді болуы мүмкін?
3. Дәрігер пациентке диализдің қалай жүретінін қарапайым тілмен түсіндіруі қажет.
4. Егер диализ уақтылы жасалмаса, науқаста қандай қауіпті жағдайлар дамуы мүмкін?
5. Науқасқа қандай өмір салты кеңестері берілуі тиіс

Дескрипторлар:

- 1) Науқастың белгілерін талдап, клиникалық шешім шығарады – 1 балл;
- 2) Диализ түрлерін қолдану жағдайымен байланыстырады – 1 балл;
- 3) Қарапайым тілде ғылыми процесті түсіндіреді – 1 балл;
- 4) Қауіп факторларын анықтайды – 1 балл;
- 5) Өмір салты бойынша ұсыныстар береді – 1 балл;

«Бағандар рефлексиясы» әдісі

- Мен білдім
- Мен түсіндім
- Маған қиын болды.

